

Қ. М. Әлімбеков, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының магистранты, полиция капитаны
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША АДАМ ӨЛТІРУДІҢ ҰҒЫМЫ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» - деп, адамның өміріне ерекше назар аударады.

Қазақ КСР-інің 1959 жылғы Қылмыстық кодексінде адам өлтірудің заңдылық анықтамасы берілмеген еді. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы Қылмыстық кодексінде «Кісі өлтіру, яғни басқа адамға құқыққа қарсы қаза келтіру» — деп, ҚК-тің 96-бабында тұңғыш рет адам өлтірудің заңдылық түсінігі берілген. Ал қолданыстағы, Қазақстан Республикасының 2014 жылы 03 шілдеде қабылданған Қылмыстық кодексінде «Адам өлтіру, яғни басқа адамды құқыққа қарсы қасақана қазаға ұшырату» — деп, ҚК-тің 99-бабында анықтайды. Осыған орай абайсызда адам өлтіру заң бойынша адам өлтіру деп танылмайды. Бірақ топтық және тікелей объект белгісіне сәйкес бұл қылмыс құрамы (абайсызда адам өлтіру) жеке адамға қарсы қылмыс үшін жауаптылық кезделген тарауда орналасқан. Өмірге қарсы қылмыстың, соның ішінде адам өлтірудің де тікелей объектісі адамның өмірі болып табылады. Заң жасына және денсаулық жағдайына қарамастан кез келген адамның өмірін бірдей қорғайды. Адам өмірі нәрестенің туған сәтінен, яғни анасының денесінен бөлініп шығып, алғаш тыныс алуы арқылы оның өкпесінің жұмыс істеген уақытынан басталады. Бұл құбылыс нәрестенің алғашқы айқайынан, дыбыс беруінен басталады. Өлім адам өмірінің соңғы сәті болып табылады. Өлім клиникалық және биологиялық болып екіге бөлінеді. Тыныс алуы мен қанның айналысы тоқтағаннан кейін 4–7 минут¹ шамасында клиникалық өлім сатысы басталады. Адам денесінің салқындалуына байланысты бұл кезең 10 немесе одан да көбірек минутқа созылады. Өлудің соңғы кезеңі — биологиялық өлім, орталық нерв жүйесі қызметінің істен шығуына байланысты мидың өлуі басталады. Адамның басқа органдары мен тіндерінің өміршеңдік белгілері біразға жалғасқанымен, мидың өлуі адам өмірінің соңғы сәті болып табылады. Яғни адам өмірінің соңғы сәті — биологиялық өлім¹¹.

Адам өлтірудің объективтік жағы басқа адамды өмірінен заңсыз айырумен көрінеді. Қылмыстың аяқталуы үшін адамды өмірінен айыруға бағытталған іс-әрекеттің және соның зардабынан адам өлуінің арасындағы себептік байланыстың болуын айқындау қажет.

Адам өлтіру негізінен әрекет арқылы жүзеге асырылады. Адам өлтірудің көпшілігі осылайша жасалады.

Адамға өлім келтіруші әрекет егер құқыққа қайшы әрекет, қылмыстық заңда қарастырылса қылмыс деп табылады.

Кінәлі адамның әрекеті механикалық, физикалық, химиялық (тіпті психикалық, бірақ олар сирек кездеседі) және адам өміріне әсер ететін басқа да тәсілдер болуы мүмкін. Өлім адамға әрекетсіздік жолымен де жүзеге асады¹¹¹.

Мысалы, кінәлі адам біреуді өмірден айыру мақсатымен өлімге араша тұра алатын мүмкіндігі бола тұра және осыған тікелей міндетті бола тұрса да әрекетсіздік жолымен оған өлім қаупін туғызады және өлімге жол береді. Немесе, заңдық негізде адамның өміріне тікелей жауапты адамның (мысалы, ата-аналары өздерінің жаңа туған нәрестелерін немесе жас балаларын өлтіру мақсатымен тамақтандырмайды немесе олардың өмірін сақтап қалу үшін өзге де шараларды қолданбайды, керісінше дәрменсіз ата-аналарына қарамаушылық) әрекетсіздігін де атауға болады.

Қылмыскер адамға қаза келтіру кезінде түрлі қаруларды қолдана отырып, немесе басқа да заттарды қолдану арқылы, химиялық уландырғыш заттарды пайдаланумен, жарылыс жасау және басқа да әдістерді қолдануы арқылы адамды өмірінен айырады. Сонымен қатар, адамға қаза келтіру жәбірленушіге психикалық әсер ету арқылы да жүзеге асуы мүмкін. Бұл жайында жоғарыда аталған әдебиеттерде «Әдетте жүрек-қан тамырлары

жүйесі ауруларынан зардап шегетін адамдарды жүйкесіне зақым келтіру жолымен өмірінен айыру әдебиеттерде мысал ретінде келтіру жиі кездеседі», — деп атап өтеді.

Соңғы уақытта адам жүйкесіне әсер ету нысандары мен әдістерінің көбейе түсуінің нәтижесінде психикалық әсер ету жолымен адам өлтіру мүмкіндігі одан әрі кеңейе түсуде.

Адам өлтірудің объективті жағының екінші белгісі қылмыстың зардабы жәбірленушінің өлімі болып табылады. Өмірден айыруға тікелей қасақаналық болғанымен қылмыстық зардаптың — өлімнің болмай қалуы кінәлінің әрекетіне оқталғандығы, адам өлтіруге оқталғандық ретінде саралауға негіз болады. Қазақстан Республикасы ҚК 24-бабының 3-бөлігінде қылмысқа оқталуды «Қылмыс жасауға тура бағытталған, тікелей пиғылмен жасалған әрекеттер (әрекетсіздік), егер бұл ретте қылмыс адамға байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмеген болса, қылмысқа оқталу деп танылады», — деп белгілеген.

Жанама қасақаналықпен адам өлтіру кезінде кінәлі өзінің әрекеті арқылы адам өміріне қатер тендіретіндігін мойындайды, осы әрекеттің нәтижесінде оның өлуі мүмкін екендігін біледі, өлімнің болуын тілемейді, бірақ оған саналы түрде жол береді, не өлімнің болу-болмауына немқұрайдылық танытады.

Адам өлтіру кезінде, өлім әрекет жасалғаннан кейін бірден немесе белгілі бір уақыт өткеннен кейін жүзеге асуы мүмкін. Келтірілген зардапты кінә деп санау үшін болған өлім мен субъектінің әрекеті немесе әрекетсіздігі арасындағы себептік байланыстың болуы негіз болып табылады. Әрекет пен зардаптың арасында себепті байланыс болмаған кезде тұлға жасаған әрекеті үшін ғана жауапты болады. Өлтіруге тікелей оқталу айқындалған кезде өлтіру үшін оқталғандық жасалған болып табылады, ал өлтіруге жанама ниет болған кезде кінәлі адам нақты келтірілген зиян үшін ғана жауап береді (мысалы, ҚК 106, 107, 108-баптар бойынша яғни, денсаулыққа ауыр, ауырлығы орташа, жеңіл зиян келтіргені үшін).

Адам өлтіру — материалдық құрамға жататын қылмыс.

Қасақана адам өлтірудің субъектісі 14 жасқа толған, есі дұрыс, жеке тұлға (ҚК 15-баптың 2-бөлігіне сай) болып табылады, ал ҚК-тің басқа адам өлтіруге қатысты баптарында көрсетілген жағдайларда адам өлтірудің субъектісі 16 жасқа толған адамдар болып табылады^{iv}.

Бұл топтағы барлық қылмыстарды біріктіретіні әрқайсысының объектісі адам өмірі. Қылмыс объектісі — адамның өмірі, ол адамның азаматтығына, ұлтына және нәсіліне, шыққан тегіне және жасына, әлеуметтік жағдайына, немен айналысатынына, денсаулық ахуалына, біліміне, т. б. байланысты емес. Қылмыстық заң жәбірленушінің еркіне қарсы адам өлтіру де, оның келісімімен қаза келтіру де (эфтаназия) бірдей дәрежеде адам өлтіруге жатқызылады. Жәбірленушінің кім екенін білмей қалу қасақана адам өлтіргендігі үшін жауаптылыққа әсер етпейді. Адамның өмірі табиғи физиологиялық процесс ретінде және қоғамда жеке бастың тіршілік ету мүмкіндігін заңмен қамтамасыз ету ретінде де түсіндіріледі.

Адам өлтіру жеке адамға қарсы қылмыстардың ең ауыр түрінің біріне жатады.

ⁱ Борчашвили И. Ш., Жуманиязов М. А. Преступления против жизни: Монография. — Астана, 2009.

ⁱⁱ Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім: Дәрістер баяны / И. Ш. Борчашвилидің және Р. Б. Құлжақсаяновтың жалпы редакциялауымен. — Алматы, 2007.

ⁱⁱⁱ Ағыбаев А. Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім: Оқулық. 3-басылым. Өңд. толық. — Алматы, 2007.

^{iv} Борчашвили И. Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Особенная часть. — Алматы, 2015. Т. 2